

**"Қазақстан Республикасындағы кәсіптік және өзге де мерекелер туралы"  
Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 20 қаңтардағы № 3827  
Жарлығына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 22 қарашадағы № 698 Жарлығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 5 мамырдағы № 681 Жарлығымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Президентінің 05.05.2018 № 681 Жарлығымен.**

"Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" 2001 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. "Қазақстан Республикасындағы кәсіптік және өзге де мерекелер туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 20 қаңтардағы № 3827 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1998 ж., № 1, 1-құжат; 2003 ж., № 44, 469-құжат; 2007 ж., № 18, 197-құжат; 2008 ж., № 23, 212-құжат; 2009 ж., № 32, 293-құжат; 2011 ж., № 58, 822-құжат; 2012 ж., № 68, 977-құжат; 2013 ж., № 19, 316-құжат) мынадай өзгеріс пен толықтырулар енгізілсін:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасындағы кәсіптік және өзге де мерекелердің тізбесі:

мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:

"3-1. Мәдениет және өнер қызметкерлерінің күні – 21 мамыр";

25-тармақ алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 26-1-тармақпен толықтырылсын:

"26-1. Еңбек күні – қыркүйектің соңғы жексенбісі".

2. Осы Жарлық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Н.Назарбаев